

**Ө.А. Байконыров атындағы Жезказган университетінің тарихы**

Орталық Қазақстанда түсті металлургияны дамыту, Жезказган аймағындағы кен орындарды өнеркәсіптік түрғыдан игеру қажеттілігі, кеніштерді, зауыттар мен фабрикаларды іске қосу кадрларды даярлау мәселесімен тығыз байланысты болды. 1961 жылы Қазақ КСР Жоғары және арнайы орта білім министрлігінің бұйрығы негізінде Қарағанды политехникалық институтының кешкі даярлық курсының базасында кешкі жалпы техникалық факультеті ашылды. Сөйтіп, аймағымызда түнгыш жоғары білім ошағы пайда болды. «Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау», «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандықтары бойынша 100 студент оқуға қабылданды. А.С. Сагинов – факультеттің іргетасын қалаушы, қорнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, Социалистік Еңбек Ері, т.ғ.д., профессор, ҚарПИ ректоры.

1973 жылы Қазақ КСР Жоғары және арнайы орта білім министрлігінің бұйрығы негізінде факультетте күндізгі болім ашылды. Жана мамандықтар ашылып, студенттер саны өсті. 1977 жылы Жезказган жалпы техникалық факультеті Қарағанды политехникалық институтының Еңбек Қызыл Ту орденінің филиалына айналды. Филиалдың ашылуы Жезказган үшін ғана емес, бүкіл Орталық Қазақстан үшін маңызды оқиға болды. Жергілікті билік ЖОО-ға үлкен көніл болді, материалдық-техникалық базаны күшейтуге және кадрлық өлеуетті нығайтуға жан-жақты қолдау, әрі көмек қорсетті. Жана кафедралар ашылып, жұмысқа ғалым-оқытушылар мен ғылым кандидаттары шақырылды.

1992 жылы ҚарПИ ҚР Министрлер Кабинетінің 21.01.1992 ж. №42 Жарлығына сәйкес, Жезказган таукен-технологиялық институты болып өзгертілді.

Өндірістің өнеркәсіптің дамуы өлеуметтік саладағы кадрларды даярлау қажеттілігін тудырды. Әсіресе, аймақтағы экономиканың дамуына байланысты педагогикалық кадрларды даярлау өзекті мәселеге айналды. 1975 жылы Жезказган педагогикалық институты ашылды. Алғашқы кезеңде «Филология» және «Физика-математика» факультеттері бойынша кадрлар даярланды. Кейін, 1976 жылы «Жартылыстану-география», 1978 жылы «Қоркөм және графика» факультеттері ашылды. 35 жылдан астам уақыттан бері қалалар, өнеркәсіптік кенттер, аудандар мен ауыл мектептері үшін 10 мыңнан астам мұғалімдер түлеп үшты.

ЖОО-ның бірінші басшылары – И.И. Белогривов, Ш.Ю. Тастанов, М.С. Бектұров, Г.К. Жакенов, У.Т. Абдрахимов, алғаш ашылған факультеттердің декандары – Н.С. Колобочкин, С.Х. Хамзин.

1996 жылы ҚР Білім министрінің Бұйрығы мен Үкімет Қаулысына сәйкес, Жезказган тау-кен технологиялық және педагогикалық институттарының базасында О.А. Байконыров атындағы Жезказган университеті ашылды. Жана оқу орнын т.ғ.д., профессор, ҚР Инженерлік Академияның корр.-мүшесі У.Т. Абдрахимов басқарды.

Қүні бүгінге дейін ЖОО-да көптеген жоғары білікті мамандар даярланды, оқу-зертханалық және материалдық-база нығайтылды, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары жандандырылды, талаптарға сәйкес, мамандық номенклатуралары өзгертілді, ондіріспен оқу үдерісінің интеграциясы жетілдірілді